



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Желтоқсан **2021**

2021 жылғы желтоқсанда айлық инфляция 0,6% - ды құрады, жылдық инфляция 8,4% - ға дейін баяулады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарлар топтарының көпшілігіне бағаның әлсіз өсуі аясында азық-түлік тауарларына бағаның өсуі айтарлықтай баяулады. Азық-түлік емес инфляция автомобильдердің, бензиннің және қатты отынның қымбаттауы нәтижесінде аздап жеделдеді. Ақылы қызметтер инфляциясы электр энергиясына тарифтердің, қызметтер құнының өсуіне байланысты жеделдеді.

Желтоқсан айында тұтыну бағалары 0,6% - ға өсті, бұл 2015 жылдан бастап осы айдағы ең төменгі көрсеткіш, жылдық бағаның өсуі 8,4% - ға дейін баяулады.


Желтоқсанда **азық-түлік** инфляциясының 9,9% - ға дейін баяулауы жалғасты (қараша - 10,9%). Желтоқсан айында азық-түлік топтарының көпшілігі бағаның өсуін баяулатты (майлар мен тоң майлар, жұмыртқа, көкөністер, қант және сүт өнімдері). Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының өсуі біршама жеделдеді. Ет, алкогольсіз сусындар, балық және теңіз өнімдері бағасының өсу қарқыны бұрынғы деңгейде сақталды.

График 1. Азық-түлік инфляциясы



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ


График 2. Азық-түлік инфляциясы



Азық – түлік емес инфляция желтоқсанда 8,5% - ға дейін (қараша - 8,3%) жеделдеді. Жанар-жағармай бағасы, атап айтқанда, бензин мен қатты отын бағасы өндірушілер шығындарының өсуі нәтижесінде өсуді жалғастырды. Сондай-ақ, өндірісте компоненттердің жетіспеушілігі аясында автомобильдер бағасының өсуі байқалады.


Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі желтоқсанда 6,5% – ға дейін (қараша - 6,4%) жеделдеді. Электр энергиясының қымбаттауына байланысты реттелетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуінің жеделдетуі негізгі фактор болды. Сонымен қатар, ақылы қызметтерді жеделдетуге әуе жолаушылар көлігі қызметтері мен қалааралық автобустарда жол жүру құнының өсуіне байланысты көлік қызметтері бағасының өсуі қосымша үлес қосты. Сондай-ақ сақталып отырған жоғары сұраныс аясында жайлы тұрғын үй үшін жалдау ақысының өсуі жалғасты.

График 3. Азық-түлік емес инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 4. Ақылы қызметтер




Өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығындағы бағаның өсуінің баяулауы

Желтоқсанда өңдеу өнеркәсібінде ел ішінде шығарылатын өнімге бағаның өсуі 18,4% – ға дейін (қарашада - 19,3%) баяулады. Азық-түлік өндіретін кәсіпорындардың бағасы май және май өндірушілер бағасының төмен өсуі аясында аздап баяулады. Сонымен қатар, астық дақылдарының төмен түсімінің, жанар-жағармай материалдары мен жемшөп дақылдарының жоғары бағасының нәтижесінде ет, сүт және ұн-жарма өнімдерін өндірушілердің бағасы өсті. Мұнай өңдеу өнімдерінің арасында бензин мен дизель отынын өндірушілер бағасының өсуі жеделдеді.

Ауыл шаруашылығында өндірушілердің бағасы 17,3% – ға дейін баяулады (қарашада - 17,5%). Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ішінде бидай, арпа, жүгері, сондай-ақ жемшөп дақылдары бағасының өсуі жеделдеді. Мал шаруашылығында жұмыртқа мен тірі мал бағасының өсуі баяулады.

График 5. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 6. Өнеркәсіптегі бағалар

